

**"Инвотакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 3 ақпандағы № 06/02 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қарағанды қаласының әкімдігінің 2023 жылғы 9 қазандағы № 75/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 10 қазанда № 6499-09 болып тіркелді

Қарағанды қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарағанды қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 3 ақпандағы № 06/02 "Инвотакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26778 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

қаулының преамбуласы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, "Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 1 қарашадағы №859 бұйрығымен бекітілген, Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларының 31 тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8950 болып тіркелген) сәйкес Қарағанды қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарағанды қаласының әкімі*

*М. Кожухов*